

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы.
Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 6 сәуірде № 20317 болып тіркелді

Министерство образования и науки Республики Казахстан

Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Оқу-ағарту министрінің 27.08.2022 № 382 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 23-4) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған:
 - 1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесі;
 - 2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың нысандары;
 - 3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес орта және арнаулы білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесі;
 - 4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес орта және арнаулы білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың нысандары;
 - 5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесі;



6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың нысандары;

7) осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесі;

8) осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың нысандары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 16.09.2021 № 472 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.08.2022 № 382 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

2. «Білім беру ұйымдары білім беру қызметінде пайдаланатын қатаң есептіліктегі құжаттардың нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2007 жылғы 23 қазандағы №502 бұйрығына (Нормативтік құқықтық кесімдердегі мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4991 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген білім беру ұйымдары білім беру қызметінде пайдаланатын қатаң есептіліктегі құжаттардың нысанындағы мынадай:

1-4 сыныптарға арналған сынып журналының,
5-11 сыныптарға арналған сынып журналының,
мектепалды сыныптардың журналының;
факультативтік сабақтардың немесе үйде оқыту журналының,
білім алушының жеке іс қағазының,
1-4 сынып білім алушыларының үлгерімі туралы табельдердің,
5-11 (12) сынып білім алушыларының сабақ үлгерімі туралы табелдердің,
бұйрықтарды тіркеу кітабының (негізгі қызметке, жеке құрам бойынша,
білім алушылардың қозғалысы бойынша),
педагогикалық кеңес хаттамалары кітабының,

педагог қызметкерлердің жеке құрамын есепке алу кітабының,
білім алушыларды жазатын алфавиттік кітаптың,
кеткен білім алушыларды есепке алу кітабының,
келген білім алушыларды есепке алу кітабының,
босатылған және ауыстырылған сабақтарды есепке алу журналының,
білім алушылардың үлгерімі туралы табельдерді есепке алу кітабының,
негізгі орта білім беру ұйымын бітіргендігі туралы аттестатты беру және
есепке алу кітабының,
жалпы орта білім беру туралы аттестатты есепке алу және беру кітабының,
мақтау грамоталарын және мақтау қағаздарын беруді есепке алу кітабының,
техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына
арналған теориялық оқытуды есепке алу журналының,
жеке сабақтарды есепке алу журналының,
техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына
арналған өндірістік оқытуды есепке алу журналының,
білім алушының үлгерімі кітабының,
диплом беру кітабының,
дипломдардың телнұсқасын беру кітабының,
академиялық анықтама беру кітабының,
білім алушылардың атаулы кітабының нысандары алынып тасталсын.

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Техникалық және кәсіптік білім департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;
- 3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң департаментіне

осы тармақтың 1) и 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі**

А. Аймагамбетов

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2020 жылғы 6 сәуірдегі
№ 130 бұйрығына
1-қосымша

**Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін
міндетті құжаттардың тізбесі**

*Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің
16.09.2021 № 472 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн
өткен соң қолданысқа енгізіледі);
27.08.2022 № 382 (алғашқы
ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі)
бұйрықтарымен.*

Педагогтер құжаттарды қағаз немесе электрондық (білім беру ұйымы
электрондық жүйеге қосылған кезде) форматта толтырады. Электрондық
форматта толтыру кезінде қағаз нұсқасы талап етілмейді.

Электрондық цифрлық қолтаңба құжаттарды электрондық форматта
жүргізген және электрондық жүйеге қосқан кезде қол мен мөрге теңестіріледі.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының және мектептердің
(лицейлердің, гимназиялардың) мектепалды сыныптарының педагогтері:

осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес тәрбиеші қазақ тілі мұғалімімен, дене
шынықтыру (жүзу) жөніндегі нұсқаушымен, музыкалық жетекшімен (қағаз
немесе word word (ворд) немесе pdf (пдф) электрондық форматта) бірлесіп:

1) оқу жылы басталғанға дейін бір рет Қазақстан Республикасы Білім және
ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген
(Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып
тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының
2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық
актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) Мектепке
дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде оқу жылына
арналған ұйымдастырылған қызметтің перспективалық жоспарын әзірлейді;

2) апта сайын тәрбие-білім беру процесінің циклограммасын жасайды;

3) оқу жылының басында бір рет баланың оқу жылына арналған жеке даму картасын әзірлейді және диагностиканың (бастапқы, аралық, қорытынды бақылау) нәтижелері бойынша жеке даму картасына өзгерістер енгізеді.

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2020 жылғы 6 сәуірдегі
№ 130 бұйрығына
2-қосымша

**Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін
міндетті құжаттардың нысандары**

*Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің
16.09.2021 № 472 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн
өткен соң қолданысқа енгізіледі);
27.08.2022 № 382 (алғашқы
ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі)
бұйрықтарымен.*

Нысан

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының
негізінде 20__-20__ оқу жылына арналған ұйымдастырылған қызметтің
перспективалық жоспары**

Мектепке дейінгі ұйым (балабақша/мектепке дейінгі шағын орталық) /

Мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сынып

Мектепке дейінгі ұйымдағы топ

Балалардың жасы _____

Жоспар қандай кезеңге жасалды (айды, жылды көрсету) _____

Ай	Ұйымдастырылған қызмет	Ұйымдастырылған қызметтің тақырыптары
	Дене шынықтыру	
	Сөйлеуді дамыту	
	Көркем әдебиет	
	Сауат ашу негіздері	
	Қазақ тілі	

Сенсорика/ Математика негіздері	
Қоршаған ортамен таныстыру	
Құрастыру	
Жаратылыстану	
Сурет салу	
Мүсіндеу	
Жапсыру	
Музыка	

Ескерту: перспективалық жоспарды тәрбиеші жас тобында жұмыс істейтін педагогтермен (қазақ тілінің мұғалімімен, дене шынықтыру (жүзу) нұсқаушысымен, музыка жетекшісімен) және мектепалды сынып тәрбиешісімен бірлесіп оқу жылы басталғанға дейін бір рет жасайды.

Нысан

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым (балабақша/мектепке дейінгі шағын орталық)

Топ _____

Балалардың жасы _____

Жоспар қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету)

Күн тәртібінің үлгісі	Дүй-сенбі	Сей-сенбі	Сәр-сенбі	Бей-сенбі	Жұ-ма
Балаларды қабылдау					
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу					
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)					
Ертеңгілік жаттығу					
Таңғы ас					
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі – ҮІӨ)					
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҮІӨ					
2-ші таңғы ас					
Серуенге дайындық					
Серуен					
Серуеннен оралу					
Түскі ас					
Түскі ұйқы					

Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары					
Бесін ас					
Балалардың дербес іс-әрекеті (аз кимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)					
Балалармен жеке жұмыс					
Серуенге дайындық					
Серуен					
Серуеннен оралу					
Кешкі ас					
Балалардың дербес әрекеті (аз кимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)					
Балалардың үйге қайтуы					

Ескерту: ҮІӨ мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес күннің бірінші және екінші жартысында жоспарланады. Циклограмманы тәрбиеші жас тобында жұмыс істейтін басқа педагогтермен (қазақ тілінің мұғалімімен, дене шынықтыру (жүзу) нұсқаушысымен, музыка жетекшісімен) бірлесіп жасайды.

Нысан

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сынып

Балалардың жасы

Жоспар қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету)

Күн тәртібінің үлгісі	Дүй-сенбі	Сей-сенбі	Сәр-сенбі	Бей-сенбі	Жұ-ма
Балаларды қабылдау					
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу					
Балалардың дербес іс-әрекеті (аз кимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)					
Ертеңгілік жаттығу					
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі – ҮІӨ)					
Кестеге сәйкес ҮІӨ					
Серуенге дайындық					
Серуен					
Серуеннен оралу					

Балалармен жеке жұмыс					
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)					
Балалардың үйге қайтуы					

Ескерту: Циклограмманы мектепалды сыныптың тәрбиешісі құрастырады.

Нысан

202 __ - 202 __ оқу жылында бала дамуының жеке картасы

Баланың аты-жөні _____

Баланың туған жылы _____

Мектепке дейінгі ұйым (балабақша/мектепке дейінгі шағын орталық) /

Мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сынып _____

Мектепке дейінгі ұйымдағы топ _____

Құзырет-тіліктер	Бастапқы бақылау нәтижесіндегі шаралар (дамытушы, түзету) (қазан-желтоқсан)	Аралық бақылау нәтижесіндегі шаралар (дамытушы, түзету) (ақпан-сәуір)	Қорытынды бақылау нәтижесіндегі шаралар (дамытушы, түзету) (маусым-шілде)	Қорытынды (Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасында белгіленген күтілетін нәтижелерге сәйкес баланың даму деңгейі)
Физикалық қасиеттер				
Коммуникативтік дағдылар				
Танымдық және зияткерлік дағдылар				
Шығармашылық дағдылар, зерттеу іс-әрекеті				
Әлеуметтік-эмоционалды дағдылар				

Ескерту: Білім беру салалары бойынша мектеп жасына дейінгі балалардың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеруі нәтижесінің индикаторлары мен индикаторларының сипаттамасы балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарда берілген.

Алынған деректер негізінде оқу жылына Баланың жеке даму картасы толтырылады.

Баланың жеке дамыту картасын толтыру кезінде педагог кестеге дамытушы немесе түзету шараларын, қажет болған жағдайда бақылау нәтижелері бойынша іс-шаралардың екі түрін енгізеді.

Жеке картаны жас тобында жұмыс істейтін басқа педагогтермен (қазақ тілінің мұғалімімен, дене шынықтыру (жүзу) нұсқаушысымен, музыка жетекшісімен) бірлесіп топ тәрбиешісі және мектепалды сыныптың тәрбиешісі дербес толтырады.

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2020 жылғы 6 сәуірдегі
№ 130 бұйрығына
3-қосымша

**Орта және арнаулы білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін
міндетті құжаттардың тізбесі**

*Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің
16.09.2021 № 472 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн
өткен соң қолданысқа енгізіледі);
27.08.2022 № 382 (алғашқы
ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі)
бұйрықтарымен.*

Құжаттарды педагогтер қағаз немесе (білім беру ұйымы электрондық жүйеге қосылған жағдайда) электрондық форматта толтырады. Электрондық форматта толтыратын жағдайда қағаз нұсқа талап етілмейді.

Электрондық цифрлық қол электрондық жүйеге қосылған және құжаттар электрондық форматта жүргізілген жағдайда, мөр мен қолға теңестіріледі.

Барлық оқу пәндерінің педагогтері:

күн сайын сабақ кестесіне сәйкес:

1) 1-4 сыныптарға арналған сынып журналын, 5-11 (12) сыныптарға арналған сынып журналын, факультативтік сабақтар, үйде оқыту журналын, мектепалды сыныптардың журналын (қағаз немесе электрондық форматта);

2) қысқа мерзімді (сабақ) жоспарды (қағаз немесе электрондық word (ворд) немесе pdf (пдф) форматында) жүргізеді;

оқу жылы басталғанға дейін бір рет:

1) пәндер бойынша орта мерзімді (күнтізбелік-тақырыптық) жоспарды (қағаз немесе электрондық word (ворд) немесе pdf (пдф) форматында);

2) тәлімгерлік жоспарды (қағаз немесе электрондық word (ворд) немесе pdf (пдф) форматында) әзірлейді;

тоқсандық қорытынды бойынша:

автоматтандырылған ақпараттық жүйеден автоматты түрде жасалатын және бөлім бойынша жиынтық бағалау мен тоқсандық жиынтық бағалау нәтижелері бойынша талдауды жүргізеді (қағаз немесе электрондық word (ворд) немесе pdf (пдф) форматында);

оқу жылының қорытындысы бойынша бір рет:

негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейіндегі оқыту курсы үшін емтихан хаттамасы (қағаз немесе электрондық word (ворд) немесе pdf (пдф) форматында) жүргізеді.

9 (10), 11 (12) сынып білім алушыларын қорытынды аттестаттау хаттамаларын (қағаз немесе электрондық word (ворд) немесе pdf (пдф) форматында).

2. Сынып жетекшісі:

оқу жылы басталғанға дейін бір рет және оқу жылы ішінде:

сынып жетекшісінің жұмыс жоспарын (қағаз немесе электрондық word (ворд) немесе pdf (пдф) форматында) әзірлейді және іске асырады;

тоқсандық және оқу жылының қорытындысы бойынша:

1) 1-4 сынып білім алушысының үлгерім табелін, 5-11 (12) сынып білім алушысының үлгерім табелін (қағаз немесе электрондық word (ворд) немесе pdf (пдф) форматында);

2) білім алушының жеке іс қағазын (қағаз немесе электрондық форматында) жүргізеді.

3. Әлеуметтік педагог:

оқу жылы басталғанға дейін бір рет және оқу жылы ішінде әлеуметтік педагогтің оқу жылына арналған жұмыс жоспарын (қағаз немесе электрондық word (ворд) немесе pdf (пдф) форматында) әзірлейді және іске асырады;

оқу жылы ішінде:

1) мектептің әлеуметтік паспортын (қағаз немесе электрондық word (ворд) немесе pdf (пдф) форматында);

2) мектептегі білім алушылар туралы мәліметті (қағаз немесе электрондық word (ворд) немесе pdf (пдф) форматында) жүргізеді.

4. Педагог-психолог:

оқу жылы басталғанға дейін бір рет және оқу жылы ішінде:

педагог-психологтің оқу жылына арналған жұмыс жоспарын (қағаз немесе электрондық word (ворд) немесе pdf (пдф) форматында) әзірлейді және іске асырады;

оқу жылы ішінде:

1) психологиялық қызметтің топтық және жеке жұмысын есепке алу журналын (қағаз немесе электрондық word (ворд) немесе pdf (пдф) форматында);

2) педагог-психологтің консультациясын есепке алу журналын (қағаз немесе электрондық форматта word (ворд) немесе pdf (пдф) форматында) жүргізеді.

5. Басшының (директордың) қызмет бағыттары бойынша (оқу, тәрбие жұмысы, бейіндік оқыту, ақпараттық технологиялар жөніндегі) орынбасары:

оқу жылы басталғанға дейін бір рет:

1) тәрбие жұмысы жоспарын (қағаз немесе электрондық word (ворд) немесе pdf (пдф) форматында);

2) Мектептің даму бағдарламасы (қағаз немесе электрондық word (ворд) немесе pdf (пдф) форматында);

3) педагогтердің оқу жүктемесі (тарифтеу) туралы мәліметтерді (қағаз немесе электрондық word (ворд) немесе pdf (пдф) форматында);

4) мектепшілік бақылау жоспарын (қағаз немесе электрондық word (ворд) немесе pdf (пдф) форматында);

5) оқу жұмыс жоспарын (қағаз немесе электрондық word (ворд) немесе pdf (пдф) форматында);

6) педагогтердің жеке құрамын есепке алу кітабын (қағаз немесе электрондық word (ворд) немесе pdf (пдф) форматында);

7) оқу-тәрбие жұмысы жоспарын (қағаз немесе электрондық (ворд) немесе pdf (пдф) форматында) әзірлейді/толтырады.

оқу жылының ішінде қажеттілігіне қарай:

- 1) ауыстырылған сабақтарды есепке алу журналын (қағаз немесе электрондық форматта);
- 2) білім алушыларды жазатын алфавиттік кітапты (қағаз немесе электрондық форматында);
- 3) кеткен және келген білім алушыларды есепке алу кітабын (қағаз немесе электрондық форматында);
- 4) бұйрықтарды тіркеу кітабын (негізгі қызмет, жеке құрам, оқушылар қозғалысы бойынша) (қағаз немесе электрондық word (ворд) немесе pdf (пдф) форматында);
- 5) педагогикалық және ғылыми-әдістемелік кеңес хаттамаларын әзірлейді /жүргізілуін қадағалайды.

оқу жылының соңында бір рет:

- 1) негізгі орта мектепті бітіргендігі туралы аттестатты есепке алу және беру кітабын (қағаз немесе электрондық форматында);
- 2) жалпы орта білім туралы аттестатты есепке алу және беру кітабын (қағаз немесе электрондық форматында);
- 3) білім алушылардың үлгерім табельдерін есепке алу кітабын (қағаз немесе электрондық форматында);
- 4) мақтау қағаздарын және мақтау грамоталарын беруді есепке алу кітабын (қағаз немесе электрондық форматында) толтырады.

6. Басшы (директор):

оқу жылы басталғанға дейін бір рет: тәрбие жұмысы жоспарын, мектептің дамыту бағдарламасын, оқу-тәрбие жұмысы жоспарын, мектепшілік бақылау жоспарын, жұмыс оқу жоспарын бекітеді (қағаз түрінде немесе электрондық word (ворд) немесе pdf (пдф) форматта);

Тәлімгерлік жоспарын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 160 бұйрығымен бекітілген Тәлімгерлікті ұйымдастыру қағидаларын және тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтерге

қойылатын талаптарына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20486 болып тіркелген) сәйкес қосымша ақы алатын педагог толтырады.

Ата-аналар жиналысының, педагогикалық және ғылыми-әдістемелік кеңестің хаттамалары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 703 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидаларына сәйкес (қағаз немесе электрондық word (ворд) немесе pdf (пдф) форматында) жүргізіледі.

Негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейіндегі оқыту курсы үшін емтихан хаттамасы «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5191 болып тіркелген) бекітілген 3-қосымша нысанына сәйкес жүргізіледі.

7. Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияда:

тіркеуші осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес балалардың консультацияға алдын ала жазылу журналын жүргізеді;

мамандар, педагогтер осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес баланың даму картасын толтырады.

8. Психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттерінде және оңалту орталықтарында мамандар:

жеке даму бағдарламасын, түзету және дамыту бағдарламасын әзірлейді;

баланың болу есебін жүргізеді;

баланың дамуының қысқаша тарихын толтырады;

осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес психофизикалық дамуды бағалау хаттамасын жасайды.

9. Аутизм орталықтарында мамандар:

оқу жұмыс жоспарын, баланы дамытудың жеке жоспары - «Ерте қолдау»
бағдарламасын әзірлейді;

психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның
қорытындысы бойынша балаларды тіркеу журналын жүргізеді, Тіркеу нысанын,
Баланың даму картасын, Прогресс мониторингін толтырады;

ата-аналар үшін ұсынымдар әзірлейді.

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2020 жылғы 6 сәуірдегі
№ 130 бұйрығына
4-қосымша

**Орта және арнаулы білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін
міндетті құжаттардың нысандары**

*Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің
16.09.2021 № 472 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн
өткен соң қолданысқа енгізіледі);
27.08.2022 № 382 (алғашқы
ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі)
бұйрықтарымен.*

Нысан

**Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
1-4-сыныптарға арналған сынып журналы**

_____ (облыс, республикалық маңызы бар қала және астана)

_____ (аудан, қала (ауыл))

_____ (орта білім беру ұйымының атауы)

_____ (сынып)

_____ оқу жылы

Ескерту: Сынып журналы – әрбір педагог жүргізуге міндетті болып табылатын қатаң есептіліктегі құжат.

Сынып журналы орта білім беру ұйымы электрондық жүйеге қосылған жағдайда электрондық форматта ғана толтырылады, оны қағаз нұсқада толтыруға жол берілмейді.

Пәннің атауы _____							
№ р/с	Білім алушының тегі, аты	Айы, күні					
							одан әрі, 26-ға дейін

Барлығы

(сол жақ беті)

Педагогтің тегі, аты (болған жағдайда) (бұдан әрі - тегі, аты, әкесінің аты) (болған жағдайда)									
Токсандық бағалау көрсеткіші							Күні, айы	Тақырыптары	Үй тапсырмасы
Оқу бағдарламалары бөлімдері үшін тоқсандық жиынтық бағалау (бұдан әрі - БЖБ) балы				тоқсан бойынша жиынтық бағалау (бұдан әрі - ТЖБ) балы)	тақырып бойынша жиынтық бағалау % (ең жоғары 50%)	ТЖБ % (ең жоғары 50%)			
БЖБ 1	БЖБ 2	БЖБ 3	БЖБ 4						
Ең жоғары балдар									

Нысан

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі 5-11 (12)-сыныптарға арналған сынып журналы

(облыс, республикалық маңызы бар қала және астана)

(аудан, қала (ауыл))

(орта білім беру ұйымының атауы)

СЫНЫП

Оқу жылы

Ескерту: Сынып журналы әрбір педагог және сынып жетекшісі үшін жүргізуге міндетті қатаң есептіліктегі құжат болып табылады.

Сынып журналы білім беру ұйымы электрондық жүйеге қосылған жағдайда электрондық форматта ғана толтырылады, оны қағаз нұсқада толтыруға жол берілмейді.

Пәннің атауы _____	

№ р/с	Білім алушының тегі, аты	Айы, күні	Одан әрі, 26-ға дейін

Одан әрі

(оң жақ беті)

Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) _____									
Токсандық бағалау көрсеткіші							Күні, айы	Тақырыбы	Үй тапсырмасы
Оқу бағдарламалары бөлімдері үшін тоқсандық жиынтық балы (бұдан әрі - ТЖБ)		ТЖБ баллы	Оқу бағдарламалары бөлімдері үшін тоқсандық жиынтық бағалау (бұдан әрі - БЖБ) балы % (ең жоғары 50%)	ТЖБ % (ең жоғары 50%)	Жиынтық %	Тоқсандық бағалау			
БЖБ 1	БЖБ 2						БЖБ 3	БЖБ 4	
Ең жоғары балдар									

Дене шынықтыру дайындығынан Президенттік тест тапсыру туралы мәлімет (5, 10 және 12-сыныптарда дене тәрбиесі пәнінің педагогі толтырады).

№	Білім алушылардың тегі, аты	Дене дайындығының деңгейі		Белгі түрі және грамоталар	Президенттік тесті тапсырған күні
		Президенттік деңгей	Ұлттық деңгей		
1					
2					
3					

Одан әрі

(сол жақ беті)

Нысан

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі

Факультативтік сабақтар, үйде оқыту журналы

(облыс, республикалық маңызы бар қала және астана)

(аудан, қала (ауыл))

(орта білім беру ұйымының атауы)

_____ СЫНЫП

_____ оқу жылы

(сол жақ беті)

Факультативтік курстың атауы _____

№ р/с	Білім алушының тегі, аты	Айы, күні											
		одан әрі барлығы 26 баған											

Одан әрі беттің соңына дейін

(оң жақ беті)

Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Айы, күні	Факультативтік сабақтың тақырыбы	Тапсырмалар	Педагогтің өлшемшарттары

Одан әрі, беттің соңына дейін

Ескерту: Факультативтік сабақтар немесе үйде оқыту журналы факультативтік топтардың жұмысын есепке алатын негізгі құжат болып табылады және әрбір факультативтік курс бойынша негізгі және орта мектептерде жүргізіледі. Факультативтік сабақтар/үйде оқыту журналы білім беру ұйымы электрондық жүйеге қосылған жағдайда, электрондық форматта ғана толтырылады, оның қағаз нұсқада толтырылуына жол берілмейді.

Нысан

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі

(білім беру ұйымының атауы)

Қысқа мерзімді (сабақ) жоспары

(сабақтың тақырыбы)

Бөлім:		
Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)		
Күні:		
Сынып:	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы		

Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	
Сабақтың мақсаты	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар

Сабақ жоспарының аталған тармақтары міндетті болып табылады. «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI Заңының 7-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес педагог кәсіптік қызметін жүзеге асыру кезінде «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) бекітілген тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары сақталған кезде кәсіптік қызметті ұйымдастырудың тәсілдері мен нысандарын өз еркімен таңдайды.

Егер сыныпта мүмкіндігі шектеулі оқушылар болса, әдістемелік бірлестіктермен мақұлданған жеке бағдарламаларды бейімдеу және жүзеге асыру бойынша әрекет қарастырылған.

Нысан

Пәндер бойынша орта мерзімді (күнтізбелік-тақырыптық) жоспар

_____ пәні _____ сыныбы

Барлығы: _____ сағат, аптасына: _____ сағат

№р/с	Бөлім/Ауыспалы тақырыптар	Сабақтың тақырыбы	Оқу мақсаттары	Сағат саны	Мерзімі	Ескер ту
I тоқсан						
II тоқсан						
III тоқсан						
IV тоқсан						

Нысан

Тәлімгерлік жоспары

_____ ОҚУ ЖЫЛЫ

Жас маман туралы мәлімет

Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	
Білімі	
Қандай оқу орнын қашан бітірді	
Педагогикалық практиканың қорытындысы	
Лауазымы	
Жас педагогтің жұмыс істейтін сыныптары	
Сынып жетекшілігі	

Тәлімгерлікті іске асыратын педагог туралы мәлімет

Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	
Білімі	
Қандай оқу орнын қашан бітірді	
Дипломы бойынша мамандығы	
Педагогикалық өтілі	
Лауазымы	
Тәлімгер жұмыс істейтін сыныптар	
Біліктілік санаты	
Жұмыс мақсаты	
Міндеттері	
Жұмыстың негізгі бағыттары	жұмыста пайдаланылатын нормативтік-құқықтық құжаттамамен жұмыс; мектеп құжаттамасымен жұмыс істеуге көмек; жұмыс бағдарламаларын, сабақ жоспарларын жасау және іске асыру бойынша кеңес беру; оқу сабақтарын ұйымдастыруға көмек; диагностикалық жұмыстар жасауға және талдауға көмек; өзара сабаққа қатысу.
Қорытынды	жас маманның педагогикалық қызметін бағалау; жүргізілген жұмыс туралы бірлескен есеп.

**Тәлімгерлікті іске асыратын педагогтің қызметін жоспарлау,
ұйымдастыру және оның мазмұны бойынша іс-шаралар**

№	Қызмет мазмұны	Жұмыс нысаны	Мерзімі
---	----------------	--------------	---------

Нысан

4. БЖБ және ТЖБ нәтижелерін талдау қорытындысы бойынша жоспарланған жұмыс (қажет болған жағдайда білім алушылардың тегін, атын, әкесінің атын көрсетумен): _____

Күні _____

Педагогтің (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) _____

Нысан

Сынып жетекшісінің жұмыс жоспары

№	Іс-шаралар	Орындау мерзімдері	Аяқтау нысандары
1	Орта білім беру ұйымының оқу- тәрбие жұмысы жоспарының негізінде сынып тәрбие жұмысының жоспарын жасау (тәрбие жоспарының нысанын мектеп сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігі айқындайды)	Оқу жылы басталғанға дейін	Жоспар (қағаз немесе электрондық форматта)
2	Білім беру ұйымының басшысы бекіткен нысан бойынша Сыныптың әлеуметтік паспортын жасау	Қыркүйек	Әлеуметтік паспорт (қағаз немесе электрондық форматта)
3	Сыныптағы білім алушыларға педагогикалық, әлеуметтік, психологиялық, дене зерттеулерін жүргізу	Қажеттілігіне қарай, оқу жылының ішінде	Талдау материалдары (қағаз немесе электрондық форматта)
4	Ата-аналармен жұмыс	Қажеттілігіне қарай, оқу жылының ішінде	Ата-аналар жиналыстарының хаттамалары (қағаз немесе электрондық форматта)
5	Балалармен тәрбие іс-шараларын өткізу	Қажеттілігіне қарай, оқу жылының ішінде	Іс- шаралардың материалдары (қағаз немесе электрондық форматта)
6	Әдістемелік жұмыс жүргізу	Қажеттілігіне қарай, оқу жылының ішінде	Әдістемелік жұмыс материалдары(қағаз немесе электрондық форматта)
7	Тәрбие жұмысын талдау	Қажеттілігіне қарай, оқу жылының ішінде	Талдау (қағаз немесе электрондық форматта)
8	Сынып журналын жүргізу	Ұдайы	Сынып журналы (қағаз немесе электрондық форматта)

Нысан

1-4 сынып білім алушысының үлгерім табелі

(облыс, республикалық маңызы бар қала және астана, аудан, қала, ауыл)

(орта білім беру ұйымының атауы)

(білім алушының тегі және аты)

« _____ » _____ СЫНЫП

_____ Оқу жылы

(сол жақ беті)

Оқу жылының кезеңдері	Сауат ашу	Ана тілі	Әдебиет	Қазақ тілі	Орыс тілі	Шетел тілі	Математика	Жаратылыстану	Дүниетану	Өзін-өзі тану	Музыка	Бейнелеу өнері	Көркем-өңбек	Денсаулықты
1-тоқсан														
2-тоқсан														
3-тоқсан														
4-тоқсан														
Қорытынды баға														
Педагогикалық кеңестің шешімі														

Жалғасы

Орта білім беру ұйымының басшысы _____

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) (қолы))

Сынып жетекшісі _____

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) (қолы))

Мөрдін орны

(оң жақ беті)

Информатика (ИКТ)	Тандау бойынша пәндер	Тәртібі	Сабақтар саны	Ата-ананың немесе баланың басқа заңды өкілінің қолы	Педагогтің қолы

Емтихан бағасы																				
Қорытынды баға																				
Педагогикалық кеңестің шешімі																				

Жалғасы

Оқу жылының кезеңдері	Пәндер атауы						
	Шет тілі	Математика	Алгебра и талдау ба-стауы	Геометрия	Информатика	Жаратылы-стану	Геогра-фия
1-тоқсан							
2-тоқсан							
3-тоқсан							
4-тоқсан							
Жылдық баға							
Емтихан бағасы							
Қорытынды баға							
Педагогикалық кеңестің шешімі							

Орта білім беру ұйымының директоры _____
(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) (қолы))

Сынып жетекшісі _____
(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) (қолы))

Мөрдiң орны

(оң жақ)

Биология	Химия	Физика	Қазақстан тарихы	Дүние жүзі тарихы	Құқық негіздері				

кестенің жалғасы

Музыка	Көркем еңбек	Дене тәрбиесі	Алғашқы әскери және технологиялық даярлық

кестенің жалғасы

Таңдау бойынша пәндер	Тәртібі	Ата-аналардың қолы	Сынып жетекшісінің қолы

Ескерту: Білім алушының үлгерім табелі орта білім беру ұйымы электрондық жүйеге қосылған жағдайда электрондық форматта толтырылады, оны қағаз түрінде толтыруға жол берілмейді.

Оқу жылының қорытындысы бойынша білім алушының үлгерім табелі ақпараттық жүйеден жүктеліп, оған директордың қолы қойылады және білім беру мекемесінің мөрі басылады.

Нысан

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі

Суреттің орны

Білім алушының жеке іс қағазы

Тегі _____

Аты _____

Әкесінің аты (болған жағдайда) _____

Туған күні, айы, жылы _____

Мекен-жайы _____

1. Жынысы: ер, әйел _____ (астын сызу)

2. _____ туған
(күні, айы, жылы)

Негізі:

Туу туралы куәлік № ____ берілген күні _____ серия № _____

3. Ата-анасының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

_____ немесе заңды өкілдерінің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

4. Ұлты _____

5. Бірінші сыныпқа қабылданғанға дейін қай жерде тәрбиеленді/оқыды/

6. Орта білім беру ұйымынан кету туралы белгі (қашан, қайда, себептері)

Ескерту: Білім алушының жеке іс қағазы (бұдан әрі – Жеке іс қағазы) орта білім беру ұйымына қабылданған кезден бастап мектеп бітіргенше (мектептен шыққанша) әрбір оқушыға жүргізіледі.

10-11 (12) сынып оқушыларының білім алу кезеңінде негізгі орта мектепті бітіргені туралы аттестат Жеке іс қағазында болады.

1-4 сынып оқушыларының жеке іс қағаздарын педагогтер, 5-11 (12) сыныптарда сынып жетекшілері жүргізеді.

Білім алушының жеке іс қағазы оқушының білім алуы кезінде және мектепті бітіргеннен кейін үш жылға дейін мектепте сақталады.

Білім алушының Жеке іс қағазына:

- 1) Туу туралы куәліктің көшірмесі;
- 2) 2 дана 3x4 көлеміндегі фотосурет;
- 3) мектептің медициналық кабинетінде сақталатын медициналық карта (мектепке қабылданған кезде талап етіледі);
- 4) әрбір сыныптағы үлгерім табелі тіркеледі.

Оқу жылының соңында Жеке іс қағазына барлық пәндер бойынша бағалары туралы жазбалар, білім алушылардың жетістіктері мен жіберген сабақтарының саны жазылады.

Бір мектептен екінші мектепке ауысқан кезде «_____ мектептен кетті» деген жазба жазылып, директордың қолы қойылып, мектептің мөрі басылып, Жеке іс қағазы ата-анаға немесе өзге де заңды өкіліне беріледі.

«Алфавиттік кітапқа» тіркеу үшін әрбір білім алушының Жеке іс қағазы нөмірленеді.

Жеке іс қағаздары мектеп директорының бұйрығымен бекітілген жауапты адамда сақталады.

Білім беру ұйымы электронды жүйеге қосылған жағдайда Жеке іс қағазы электрондық форматта толтырылады, оны қағаз түрінде толтыру талап етілмейді.

Нысан

Әлеуметтік педогогтің оқу жылына арналған жұмыс жоспары

--	--	--	--	--

№ р/с	Іс-шаралар	Орындау мерзімдері	Жауаптылар	Есеп беру нысандары
I. Сыныптарға, мектепке әлеуметтік паспорттауды жүргізу				
II. Балалық шақтың құқығын қорғау жұмысы				
III. Өртүрлі есепте тұрған оқушылармен жеке-профилактикалық жұмыс				
IV. Педагогикалық ұжыммен және сыртқы ұйымдармен (кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі бөлім, кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссия, қамқоршылық және қорғаншылық) өзара іс-қимыл жүргізу жұмысы				
V. Білім алушылардың ата-аналарымен (отбасыларымен) профилактикалық жұмыс				
VI. Диагностикалау-талдау қызметі				

Нысан

Мектептің әлеуметтік паспорты

№	Әлеуметтік санаттар	саны	%
	Барлық оқушылар		
	Отбасы түрі бойынша:		
1.	Толық отбасылар		
2.	Толық емес отбасылар		
3.	Анасы жоқ балалар		
4.	Әкесі жоқ балалар		
5.	Көп балалы отбасы		
6.	Аз қамтамасыз етілген отбасы		
7.	Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар		
8.	Мүгедек балалар, мүмкіндіктері шектеулі балалар		
9.	Азаматтығы жоқ білім алушылар		
10.	Басқа мемлекеттің азаматы болып табылатын білім алушылар		
11.	Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар		
12.	Мектепшілік бақылау есебінде тұрғандар		
	Ата-аналарының білімі:		
1.	Жоғары, жоғары білімнен кейінгі		
2.	Техникалық және кәсіптік		
3.	Орта		

Нысан

Мектептегі оқушылар туралы мәлімет

№	Оқушының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Туған жылы	Ұлты	Ата-анасының аты-жөні (болған жағдайда)	Білімі	Жұмыс орны	Мекен жайы,	Әлеуметтік мәртебесі	Отбасы құрамы (саны)
---	----------------------------------------------------	------------	------	-----------------------------------------	--------	------------	-------------	----------------------	----------------------

								теле-фоны	
1									

Нысан

Педагог-психологтің оқу жылына арналған жұмыс жоспары

Мақсаттар:

Міндеттер:

№ р/с	Іс-шаралар	Жұмыс түрлері	Нысананалы топ	Орындау мерзімі	Ескертулер	Есеп тілік нысаны
I. Диагностикалау						
II. Түзету-дамыту жұмысы						
III. Профилактика және психологиялық ағарту						
IV. Консультация беру						
V. Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс						
VI. Жыл бойынша психологиялық қызмет туралы талдамалық есептер						

Нысан

Психологиялық қызметтің топтық және жеке жұмысын есепке алу журналы

№	Оқушының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Дәріс күндері	Жұмыс динамикасы	Дәріс тақырыбы

«Жұмыс» динамикасы» бағанында мәлімет таңбалармен (+, -, =) көрсетіледі, түзеу жұмысы аяқталғаннан кейін немесе жыл қорытындысы бойынша оқушының дамуындағы ілгерілеу.

Журналға білім беру процесіне қатысушылардың барлығымен жасалған жұмыстардың барлық түрлері енгізіледі.

Педагог-психологтің консультацияларын есепке алу журналы

Күні	Консультация алушы			Жүгі ну себебі	Проблема	Консультация нәтижесі	Консультант
	Жасы (сыны бы)	Жынысы	Есімі				
1	2	3	4	5	6	7	8

«Консультация нәтижесі» бағанында жұмыс процесі мен нәтижесі қысқаша сипатталады.

Білім беру ұйымындағы психологтар санына қарамастан ортақ журнал жүргізіледі.

Нысан

(білім беру ұйымының атауы)

Бекітемін

Басшы _____

20__ ЖЫЛ «__» _____

Тәрбие жұмысының жоспары

(орта, техникалық және кәсіптік білім, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына арналған)

_____ Оқу жылына

Педагог _____

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Тобы/сыныбы _____

(топтың/сыныбын атауын көрсету)

Тәрбие жұмысының бағыттары бойынша іс-шаралар жоспары

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
I. Тәрбиені нормативтік құқықтық қамтамасы зету				
II. Ғылыми-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету				
III. Іске асыру тетіктері: тәрбиенің басым бағыттары бойынша іс-шаралар				
1.	Бағыты: қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие Мақсаты: балалар мен жастардың патриоттық сана-сезімі мен өзіндік сана-сезімін қалыптастыру, Қазақстан Республикасының Конституциясына, мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарауды тәрбиелеу, құқықтық мәдениетті қалыптастыру, олардың құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарас.			
2.	Бағыты: рухани-адамгершілік тәрбие Мақсаты: жеке тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның адамгершілік қасиеттері мен көзқарастарын қайта құру туралы қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарына, нормалары мен дәстүрлеріне сәйкес келетін «Рухани жаңғырудың» құндылық негіздері туралы терең түсінік қалыптастыру; рухани-адамгершілік тәрбие беру.			
3.	Бағыты: ұлттық тәрбие Мақсаты: жеке тұлғаны жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға, мемлекеттік тілге, Қазақстан халқының мәдениетіне құрмет көрсетуге бағыттау.			
4.	Бағыты: Отбасылық тәрбие			

Мақсаты: неке және отбасы мүшелерін құрметтеу құндылықтарын тәрбиелеу; отбасылық культ; толыққанды отбасын құру үшін денсаулық құндылықтары; отбасы мен достарына деген адалдық; отбасылық дәстүрлер; жәдігерлер мен әдет-ғұрыптарды құрметтеу; ана болудың қасиеттілігі; сезім құндылықтары - сүйіспеншілік, адалдық, достық, ата-аналарды тәрбиелеу, олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігі мен балаларды тәрбиелеу жауапкершілігін арттыру.

5. Бағыты: Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

Мақсаты: кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы қатынасты қалыптастыру, жеке тұлғаның экономикалық ойлауы мен экологиялық мәдениетін дамыту, қайталанбас құндылық ретінде табиғатты сүю; кіші Отан ретінде туған табиғатқа деген сүйіспеншілік.

6. Бағыты: Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу

Мақсаты: әр адамның интеллектуалдық мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттері мен дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетті, соның ішінде балалардың кибер мәдениеті мен кибер гигиенасын дамытуды қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру.

7. Бағыты: көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие

Мақсаты: Жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, жеке тұлғаның өнер мен шынайылыққа эстетикалық объектілерді қабылдауға, меңгеруге, бағалауға дайындығын дамыту, оның ішінде «Ұшқыр ой алаңы» мектеп оқушыларының дебаттық қозғалысы» жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасын іске асыру арқылы білім беру ұйымдарында полимәдени орта құру, эстетикалық талғам мен сезімнің эстетикалық санасын, халықтардың ұлттық мәдениеттері құндылықтарына көркемдік-эстетикалық сезімталдықты қалыптастыру.

8. Бағыты: дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Мақсаты: салауатты өмір салтының, дене шынықтыру мен спорттың, дене шынықтырудың құндылығын, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау құндылығын қалыптастыру.

Басқа бағыттар

Нысан

Мектептің даму бағдарламасы (5 жылға арналып жасалады)

Бағдарлама паспорты

Атауы	20__-20__ жылдарға арналған мектептің даму бағдарламасы
Әзірлеу үшін негіздеме	
Негізгі әзірлеуші	
Мақсаттары	
Міндеттері	
Күтілетін нәтижелер	
Іске асыру мерзімдері	20__-20__ жылдар

Кіріспе

Бағдарламаның мақсаты

Бағдарламаның даму кезеңдері

Жылдар	Іс-шаралар	Орындаушылар

Бағдарлама мониторингі

Мектептің оқу-әдістемелік кеңесі әзірлейді және қадағалайды;
онда мониторинг нәтижелері, сондай-ақ мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық, білім беру саясатының басым бағыттарындағы ықтимал өзгерістер негізінде Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шараларға түзетулер енгізу көзделеді.

I. Мектеп қызметінің ағымдағы жағдайына қысқаша сипаттама

II. Мектептің 20. __.-20. __. жылдардағы білім беру жүйесінің жағдайына талдау

Мектептің сыртқы және ішкі даму перспективаларын бағалау

Кадрлық ресурстар			
Ішкі мықты жақтары	Ішкі осал жақтары	Қолайлы мүмкіндіктер	Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)
Материалдық-техникалық ресурстар			
Ішкі мықты жақтары	Ішкі осал жақтары	Қолайлы мүмкіндіктер	Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)
Ақпараттық ресурстар			
Ішкі мықты жақтары	Ішкі осал жақтары	Қолайлы мүмкіндіктер	Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)
Білім беру және инновациялық қызмет сапасын арттыруға оқу-әдістемелік шарттар			
Ішкі мықты жақтары	Ішкі осал жақтары	Қолайлы мүмкіндіктер	Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)
Білім беру мазмұнын іске асыру			
Ішкі мықты жақтары	Ішкі осал жақтары	Қолайлы мүмкіндіктер	Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)
Білім алушылардың зияткерлік және шығармашылық қабілеттерінің даму шарттары, білім беру сапасы			
Ішкі мықты жақтары	Ішкі осал жақтары	Қолайлы мүмкіндіктер	Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)
Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар мен идеалдарға бағдарланған белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке тұлғаны қалыптастыру және өзін-өзі іске асыру шарттары			
Ішкі мықты жақтары	Ішкі осал жақтары	Қолайлы мүмкіндіктер	Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)
Білім алушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыру және іске асыру шарттары			
Ішкі мықты жақтары	Ішкі осал жақтары	Қолайлы мүмкіндіктер	Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)

III. Мектептің миссиясы, мақсаттары мен міндеттері

Мектептің миссиясы

Мектептің мақсаты

Мектептің міндеттері

IV. Мектепті дамытудың басым бағыттары

V. Бағдарламаны іске асыру тетіктері

VI. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер

Нысан

Педагогтердің оқу жүктемесі (тарифтеу) туралы мәліметтер

№	Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Лауазымы	Дипломы бойынша білімі	Педагогикалық еңбек өтілі	Жүргізетін пәні	Санаттың болуы: пәндер бойынша санаты, берілген күні және аяқталу мерзімі	Лауазымдық санаты	Ағылшын тілін меңгеру сертификатының болуы							
1	2	3	4	5	6	7	8	9							
Біліктілігі үшін қосымша ақы				Барлық сағаты	Аптасына немесе жылына сағат саны			Оның ішінде лицей-де/гимназияда	Дәптер тексеру	Жаңартылған білім мазмұны бойынша сағат саны					
ше-бер	зерттеуші	са-рапшы	мо-де-ра-тор		1-4	5-9	10-11	1-4	5-9	10-11	1-4	5-9	10-11		
10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20	21	22	23	24	
Қосымша ақылар															
Жаңартылған білім мазмұны үшін				Ағылшын тілінде оқытқаны үшін			Ауылдық мектепте оқытқаны үшін			Инклюзивтік білім үшін		Тағы басқалары*			
25				26			27			28		29			

*«Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысының 4-қосымшасына сәйкес.

Штаттық бірліктер саны туралы ақпарат

Ұйымның атауы:		
Сынып-комплектілер (топтар) саны:		
Білім алушылар (тәрбиеленушілер) саны:		
Лауазымдардың атауы		Бірліктер саны
Басқарушы персонал		
1		
2		
Барлық басқарушы персонал		

тілікті арттыру курстарын бітірді	пәнді жүргізеді	данған кездегі жалпы педагогикалық өтілі	тан бері жұмыс істейді, бұйрықтың нөмірі, күні	статтау комиссиясының қорытындысы	атағы, ғылыми дәрежесі	мекенжайы, телефоны	ралы белгі, кету себепі
7	8	9	10	11	12	13	14

Беттің соңына дейін

Ескерту: Педагогтердің жеке құрамын есепке алу кітабы (бұдан әрі – Есепке алу кітабы) барлық орта білім беру ұйымдарында жүргізіледі.

Жұмысқа жаңадан келген педагогтер келесі нөмір тәртібімен жазылады.

Есепке алу кітабындағы жазбалар құжатпен негізделеді.

Есепке алу кітабы нөмірленеді, тігіледі, орта білім беру ұйымы директорының қолымен және мөрмен бекітіледі.

Есепке алу кітабы орта білім беру ұйымы электрондық жүйеге қосылған жағдайда электронды форматта ғана толтырылады, оның қағаз нұсқасын толтыру талап етілмейді.

Нысан

Титул парағы

(білім беру ұйымының атауы)

БЕКІТЕМІН:

Басшы _____

тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

20__ ЖЫЛ «__» _____

Оқу-тәрбие жұмысы жоспары

_____ оқу жылы

Негізгі жұмыс бағыттары	Іс-шаралар	Жауаптылар	Орындау мерзімдері
1	2	3	4

Нысан

Ауыстырылған сабақтарды есепке алу журналы

(облыс, республикалық маңызы бар қала және астана)

(аудан, қала (ауыл)

(орта білім беру ұйымының атауы)

(сынып)

_____ / _____ оқу жылы

(Сол жақ беті)

Ауыстырылған сабақтарды есепке алу журналы

№	Айы, күні	Сынып	Пән	Пән бойынша педагогтің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Сабақты өткізбеуінің себебі

беттің соңына дейін

(оң жақ беті)

Сабақты ауыстырған педагогтің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Ауыстырған сабақтың саны	Сабақты өткізген педагогтің қолы

Ескерту: Ауыстырылған сабақтарды есепке алу журналын әрбір мектепте директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары (директор) жүргізеді.

Ауыстырылған сабақтарды есепке алу журналы орта білім беру ұйымы электронды жүйеге қосылған жағдайда электрондық форматта ғана толтырылады, оны қағаз түрінде толтыру талап етілмейді.

Жазбалар тек ресімделген тиісті құжаттардың негізінде жүргізіледі (мектепшілік бұйрықтар, еңбекке уақытша жарамсыздық парағы, сынып журналындағы жазбалар). Ауыстырылған сабақты жүргізген педагог ол жөнінде журналға қол қояды.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі

Білім алушыларды жазатын алфавиттік кітап

(облыс, республикалық маңызы бар қала және астана)

(аудан, қала (ауыл)

(орта білім беру ұйымының атауы)

Кітап _____ жылы басталды

Кітап _____ жылы аяқталды

Кітаптың ішкі беттері (сол жақ беті)

№ р /с	Білім алушының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Туған жылы және айы	Жы-нысы	Ана тілі	Орта білім беру ұйымына қабылданған күні	Қай сыныпқа қабылданды
1	2	3	4	5	6	7

Кітаптың ішкі беттері (оң жақ беті)

Білім алушының мекенжайы	Кеткен күні	Қайсыныптан кетті	Кету жөніндегі бұйрықтың күні мен нөмірі	Қайда кетті (облыс, республикалық маңызы бар қала және астана, аудан, орта білім беру ұйымы)	Кету себептері (оның ішінде, орта білім беру ұйымын бітіргенде)	Жеке іс қағазының берілгені туралы талон
8	9	10	11	12	13	14

Ескерту: Білім алушылар жазылатын алфавиттік кітапқа (бұдан әрі - Алфавиттік кітап) орта білім беру ұйымының барлық білім алушылары жазылады. Жыл сайын кітап жаңа қабылданған оқушылармен толықтырылып отырады. Оқушылардың тегі оның оқитын сыныбына қарамастан алфавиттік ретпен енгізіледі.

Алфавиттің әрбір әрпіне жеке бет арналып, әр әріпке реттік нөмір қойылады. Кітаптағы рет нөмірі оқушының жеке іс қағазындағы нөмірі болып табылады.

Жеке іс қағазында бұл нөмір бөлшек түрінде қойылады. Мысалы, «№ Б/15» – білім алушының алфавиттік кітапта «Б» әрпіндегі № 15 болып жазылғанын білдіреді.

Егер бұйрықпен рәсімделіп мектептен шығып кеткен білім алушы қайтып келсе, онда ол туралы дерек жаңадан келген оқушы ретінде қайта жазылады.

Барлық беттері толған жағдайда жазуды жалғастыру әрбір әріп бойынша келесі нөмірлер тәртібімен жаңа кітапқа жазылады. Кітаптағы түзетулер мектеп директорының қолымен белгіленеді. Алфавиттік кітаптың беттері нөмірленіп, тігіледі, директордың қолы қойылып, мөр басылады. Білім беру ұйымы электронды жүйеге қосылған жағдайда Алфавиттік кітап электронды түрде ғана толтырылады, оның қағаз нұсқасын толтыру талап етілмейді.

Нысан

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
Кеткен және келген білім алушыларды есепке алу кітабы

(орта білім беру ұйымының атауы)

_____ қала/ауыл, _____ ауданы, _____ облысы

Кеткен/келген білім алушылар туралы мәлімет	Білім алушылардың кетуі туралы есептен шығару талоны/келген білім алушыны есепке алу талоны
Тегі _____	Тегі _____
Әкесінің аты (болған жағдайда) _____	Әкесінің аты (болған жағдайда) _____
Туған күні _____	Туған күні _____
Оқыған сыныбы _____	Оқыған сыныбы _____
Қайда кетті _____	Орта білім беру ұйымы (атауы, мекен-жайы) _____

Орта білім беру ұйымының басшысы _____

